

Жаңаарқа аудандық мәслихатының 2010 жылғы 16 тамыздағы XXVI сессиясының "Жаңаарқа ауданы бойынша тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы" N 26/227 шешіміне толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданы мәслихатының 2010 жылғы 22 желтоқсандағы XXXI сессиясының N 31/272 шешімі. Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 29 желтоқсанда N 8-12-102 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданы мәслихатының 2013 жылғы 7 қазандағы N 22/143 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданы мәслихатының 07.10.2013 N 22/143 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 97 бабына сәйкес Жаңаарқа ауданының мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Жаңаарқа аудандық мәслихатының 2010 жылғы 16 тамыздағы XXVI сессиясының "Жаңаарқа ауданы бойынша тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы" N 26/227 шешіміне (Мемлекеттік тіркеу тізілімінде нормативтік құқықтық актінің тіркелген нөмірі N 8-12-80, "Жаңаарқа" газетінің 2010 жылғы 11 қыркүйектегі N 51 (9406) санында жарияланған) толықтыру енгізілсін:

Жаңаарқа ауданы бойынша тұрғын үй көмегін көрсету Ережесінің 2 тармағында "болып табылатын" сөздерінен кейін "аз қамтылған" сөздерімен **т о л ы қ т ы р ы л с ы н .**

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың халықты әлеуметтік қорғау және заңдылықты сақтау жөніндегі тұрақты комиссиясына **ж ү к т е л с і н .**

3. Осы шешім ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық Мәслихаттың кезекті
XXXI-ші сессиясының төрағасы Ж. Қожабекова*

Аудандық Мәслихат хатшысы Д. Жұмасейітов

КЕЛІСІЛДІ

*А у д а н д ы қ ж ү м ы с п е н
қ а м т у ж әне ә л е у м е т т і к б а ғ д а р л а м а л а р*

бөлімінің бастығы
2010 жыл 22 желтоқсан

Ш. Ибраева

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ